

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ МЕН ТЕХПАСПОРТТЫ АЛЫП ЖҮРУДІҢ ...

БИЗНЕС ИЕЛЕРІНЕ БИЛІКТЕН ҚОЛДАУ

ФЕРМЕРЛЕРДІҢ КЕПІЛЗАТТАРЫ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНАТЫН ...



№ 21

/sarsenbi/

27 мамыр

2020 жыл

Gazet Qazaqstan Jýmalistika Akademiasynyn "Altyn Jýldyz", Qazaqstan Jýrnalister odağynyn
Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndaqy sylyqtarynyn, "Altyn júrek" sylyğynyn iegeri

RESPUBLIKALYQ APITALYQ GAZET

АЙЕАҚ

MEDIA



МАҚТААРАЛДЫҚ АҒАЙЫННЫҢ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІМІН ТАБУДА

Апаттан зардап шеккен мақтааралдық ағайынның ахуалы Үкімет назарында. Мемлекет тарапынан және қайырымдылық арқылы жиналған қаржының тиімді жұмсалыуы Мемлекет басшысының тікелей қадағалауында. Қазірдің өзінде қызыл судан зардап шеккендердің жағдайын жақсарту мақсатында бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылды. Жасалынып жатқан жұмыстар барысымен танысу мақсатында, өткен аптада Мырзашөлге Үкімет басшысы Асқар Мамин жұмыс сапарымен арнайы келді.

Сапар барысында тасқын салдарынан жапа шеккен Нұрлыжол, Өргебас, Жеңіс, Жаңатұрмыс, Достық елді мекендерінде жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысып, 500 отбасыға салынып жатқан жаңа шағын аудандағы құрылыстарды көзімен көрді.

Асқар Ұзақбайұлының сапары мырзашөлдік 28 отбасы үшін күтпеген қуанышқа кенелтті. Олай деп айту себебіміз де жоқ емес. Бүгінге дейін Мақтаарал ауданындағы балабақша, монша мен апатты жағдайдағы жатақхананы паналаған 28 отбасыға жаңа ықшам ауданнан баспана салынатын болды.

- 2010 жылдан бері осы жатақханада тұрамын. Алты бала-шағам, жұбайым, жалпы отбасында сегіз жанбыз. Барлығымыз далада қалдық. Үкімет басшысы келіп, жаңа шаңырақтың иесі болатынымызды есітіп, өте қатты қуанып отырмыз. Елбасына, Мемлекет басшысына, «Нұр Отан» партиясына алғысымыз шексіз, - деді тілшілерге берген сұхбатында жатақхана тұрғыны ағынан жарылып.

Осыған дейін барар жер, басар таулары жоқ тұрғындар бос тұрған ғимараттарды еш құжатсыз пана қылып келген. Дегенмен, баспана деуге ауыз бармас жатақхана апаттан соң



қабырғасы сөгіліп, мүлдем жарамсыз күйге енген. Құжаттары заңдастырылмаған тұрғындар ендігі жағдайлары не боларын ойлап, саналары сан-саққа жүгірген жерден, күтпеген қуаныш орын алды. Баспана тауқыметін тартқан отбасылардың айтар алғысы шексіз.

- 18 миллион халқыма рахметімді айтамын. Киімсіз жан сауғалаған бізді үш мезгіл тамақпен, киім-кешекпен толық қамтамасыз етіп отырды. Енді міне, қол жетпес қуанышқа кенелтті. Жаңа баспананың иесі болайын деп отырмыз. Мен үш баланың анасы, қанша армандасам да өз баспанама қол жеткіземін деп еш ойламаппын. Елбасыма, Президентіме,

Үкімет басшысына көп-көп рахмет. Ораза айында жасаған жақсылықтарға Аллаһ разы болсын. Ойламадым... Күтпедім... - деп еріксіз көзіне жас алған жалғызбасты ана Шолпан Боранова ерекше толғанысын жеткізді.

Иә, саусақпен санарлық халқымыздың жүзін мұң шалмасын. Осындай қиын-қыстау уақытта жұдырықтай жұмылып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып халық пен билік басындағылар көп көмек көрсетті. Мақтааралдағы жағдай еліміздің қысылтаяң шағында бірге екенін, ешкім жалғыз қалмайтындығын, халықтың бірлігі мығым екендігін тағы бір дәлелдеді.

Жалғасы 2-ші бетте



Шымкент қаласы миллионды тұрғыны бар мегаполис болғандықтан халықтың әлеуметтік ахуалын көтеру мақсатында бүгінде тұрғын үйлер, мектептер, балабақшалар одан бөлек мәдениетті арттыруға арналған орындардың санын арттыру жұмыстары бірінші кезекте. Ал, оның ішінде дарынды балаларға жағдай жасау өте қажет-ақ. Себебі, өнер бар жерде мәдениет дамиды. Мәдени астана атанудың ең басты қағидасы достастық елдерге өз мәдени мұра-

ларын таныстыру. Егер, әлемді жайлаған індет болмаған жағдайда бүгінде мегаполисте кең көлемде іс-шаралар аталып жатқан болар еді. Мұндай халықаралық шаралар көбіне өнер арқылы паш етіледі. Сондықтан да, өнер ордалары санының артуы дарындылардың білімін шыңдауға жол ашады.

Ағымдағы жылы қыркүйек айында үшінші мегаполисте тағы бір 300 орындық өнер мектебі ел

игілігіне берілмек. Мұнда өзге мектептер сияқты музыкалық сабаққа арналған сыныптар, дайындық бөлмесі, концерт залы мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған техникалық үй-жайлар, хорға арналған сыныптар, дыбыс

ған болса, бөлмеаралық қабырғалардың іргетастарын құю жұмыстары жүргізілуде.

Аталмыш өнер мектебінің құрылыс жұмыстарымен сапалы орындалуын қадағалау мақсатында қала әкімі Мұрат Әйтенов арнайы

ШЫМКЕНТТЕ ӨНЕР МЕКТЕБІ САЛЫНУДА



барып танысты. Ғимаратты аралау барысында қала басшысы мердігерге құрылысты көрсетілген уақытта аяқтап, сапаға баса назар аударуды тапсырды. Сондай-ақ, сала мамандарына тәрбие ошағы нысанының алдына автотұрақ мәселесін де қарастыруды айтты.

Жобаның жалпы құны 622 072,6 мың теңгені құрайды. Құрылысын мердігер мекеме «PCY-1» ЖШС-гі жүргізуде.

Егер де аталмыш құрылыс аяқталса, әлі талай рет мегаполисіміздің музыкаға өуес дарынды оқушылары мақтанышымызға айналары сөзсіз. Мұндай мәдени мекемелер миллионды қаламызға қажет-ақ.

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

Абайдың қара сөздері

ОН ЖЕТІНШІ ҚАРА СӨЗ

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзін де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмілетке жетпейтұғынын; әуелі, өзінді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол - менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те - менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза соқтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нафсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласоды?» - депті.

Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын - мен, сенің сөзіңді ұғатұғын - мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласоды? Менсіз өздері неге жарайды?» - депті.

Онан соң жүрек айтыпты: «Мен - адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашытып, төсегінде дөңбекшітетұғын - мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын - мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын - мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын - мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласоды?» - депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

- Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсең болмайтұғын да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, - депті.

- Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғын да рас. Жаратқан таңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да - бәрі сенен шығады. Жақсылық, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені - сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, - депті.

- Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ - менің ісім, - депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

- Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, - деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен.

- Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам - сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, - депті.

Тағайындау



Руслан ӘЛІШЕВ -

«Орталық коммуникациялар қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры

Мемлекет басшысының өкімімен Руслан Қанатханұлы Әлішев Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындалды.

Әлішев Руслан 1978 жылдың 29 шілдесінде

дүниеге келген.

2001 жылы М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін, 2006 жылы А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетін тәмамдаған.

Еңбек жолын 2004 жылы Петропавл қаласының Ішкі саясат бөлімінде қызмет жасаудан бастады.

Жаңа қызметке дейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің әлеуметтік

Сәкен КАТБАЕВ -

Түркістан облыстық клиникалық ауруханасының бас дәрігері

Сәкен Катбаев Түркістан облыстық клиникалық ауруханасының бас дәрігері болып тағайындалды.

Сәкен Арыстанұлы Катбаев 1994 жылы Алматы мемлекеттік медициналық институтын «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бітіріп, 1995 жылы Шымкент қалалық жедел жәрдем ауруханасында хирургия мамандығы бойынша интернатураны аяқтады.

Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институтын «Қаржы және несие» мамандығы бойынша тәмамдап, жоғары экономикалық білім алған. 1994–2003 жылдар аралығында Шымкент жедел медициналық жәрдем ауруханасында хирург болып еңбек етті. Мұнан



кейін облыстық гипербариялық оксигенация орталығы бас дәрігерінің орынбасары болып тағайындалды.

2014 жылы Төлеби аудандық туберкулезге қарсы диспансерінің бас дәрігері қызметін атқарды. Үш жыл облыстық гипербариялық оксигенация орталығын басқарды. 2017 жылдың тамызынан бастап 2020 жылдың сәуіріне дейін Шымкент онкологиялық орталығының директоры қызметін атқарды.

Сәкен Катбаев – «Әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру» мамандығы бойынша бірінші санатты білікті дәрігер.

Сәкен Арыстанұлына жаңа қызметінде толағай табыс тілейміз.

Бауыржан КАНКИН -

«Шымкент» ӘКК ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы

Директорлар кеңесінің шешімімен «Шымкент» ӘКК ҰК» Басқарма Төрағасы болып Бауыржан Тоқболатұлы Канкин тағайындалды.

Канкин Бауыржан 1987 жылы 23 маусым күні Павлодар облысы, Екібастұз қаласында дүниеге келген. Экономика бакалавры, «Master of Business Administration» іскерлік өкімшілік магистрі.

Еңбек жолын 2007 жылы «ABN AMRO Bank» / «Royal Bank of Scotland» ақ операциялық департаментінің маманы қызметінен бастады. «Deloitte» ЖШС, «Темірбанк» АҚ, «Arcelor Mittal Теміртай» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, Union Bancaire Privee кеңесшісі және «Астана халықаралық қаржы орталығы өкімшілігі» АҚ Активтерді басқару бойынша қызметтер нарығын дамыту департаменті директорының орынбасары болып жұмыс істеді. Үш жыл бойы «Astana» ӘКК ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарды.



Аңсар ӨСЕРБАЕВ -

Сайрам ауданы әкімінің орынбасары

Сайрам ауданының өкімі Ұласбек Сәдібековтың өкімімен 2020 жылдың 14 мамырынан бастап, Сайрам ауданы әкімінің орынбасары болып – Өсербаев Аңсар Жаңабайұлы тағайындалды.

Аңсар Жаңабайұлы – 1976 жылы 10 маусымда бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданы Көксәйек ауылында дүниеге келген.

1997 жылы – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін экономист-менеджер, ал, 2004 жылы – Қарағанды экономикалық университетінен заңгер мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1997 жылы «Шымкент қорғасын зауыты» АҚ-ында бастап, 1998 жылы Шымкент Қалалық Модельдік жұмыспен

қамту орталығының бас маманы, бөлім бастығы, 1999 жылдың сәуірінде Шымкент қаласы «Еңбек биржасы» бөлімінің бастығы, 1999 жылғы қазанында Шымкент қалалық өкімшілігінің халықты жұмыспен қамту басқармасы бөлімінің бастығы және 2001 жылы ОҚО Халықты жұмыспен қамту басқармасы бөлім бастығы қызметтерін атқарған.

Аңсар Жаңабайұлы 2020 жылдың ақпан айында Шымкент қаласының ішкі саясат және дін істері басқарма басшысының орынбасары қызметінен Сайрам ауданы әкімінің кеңесшісі қызметіне ауысты. Ағымдағы жылдың 14 мамырынан бастап Түркістан облысы, Сайрам ауданы әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалды.

МИНИСТРЛІК РЕСМИ TELEGRAM - АРНАСЫН ІСКЕ ҚОСТЫ

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ресми Telegram-арнасын іске қосты, деп хабарланған министрлік сайтында.

АҚДМ арнасында Министрліктің қызметі, әзірлеп жатқан жобалары туралы ақпарат ұсынылады, сондай-ақ, көпшілікті толғандыратын сұрақтарға ресми жауаптарды дер кезінде жариялап

отыру жоспарланған.

Сонымен бірге, өзге де орталық мемлекеттік органдардың жұмысы жайлы ақпарат жедел түрде таратылатын болады.

Арнада электрондық пошта арқылы кері байланыс қарастырылған.

Арнаға сілтеме:

<https://t.me/aqparatqogam>
Елорда.

КОРОНАВИРУСПЕН КҮРЕСКЕНДЕР МЕДАЛЬМЕН МАРАПАТТАЛАДЫ

Медаль “Халық алғысы” деп аталады. Ол коронавирусқа қарсы күресте ерекше көзге түскен қазақстандықтарды көтермелеу мақсатында жасалып отыр екен.

Медальді Мемлекет басшысы тапсырады.

Сондай-ақ, Президент атынан және тапсырмасымен медальді:

ҚР Мемлекет хатшысы, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, сондай-ақ Мемлекет басшысының рұқсат еткен лауазымды тұлғалары тапсыра алады.

Жарлық жобасы 2020 жылдың 1 маусымына дейін талқылауда.



Ақорда.

ФРИ КАРТОПТАРЫ ӨНДІРІЛЕТІН ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Шетелдік инвесторлар Қазақстанға қызығушылық танытуда. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп Қазақстан экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту бойынша жүйелі жұмысын жалғастыруда, делінген министрлік сайтында жарияланған хабарда.

Онда «Қазақстан мен Нидерландының мүдделі тараптары нидерландтық «Farm Frites» компаниясының жобасын жүзеге асыру барысын талқылады. Инвестициялық жоба фри картоптарын өндіру

бойынша интеграцияланған зауыт салуға бағытталған және 3 негізгі компонентті қамтиды: зауыттың өзін салу, шикізатты өсіру үшін фермерлік шаруашылықтың құрылысы, сондай-ақ картоптың элиталық тұқымдарын одан әрі импорт алмастыру үшін тұқымдық базаны дамыту. Жоба 140 мың тонна картоп өңдеуді және 70 мың тонна дайын өнім өндіруді, сондай-ақ 400 тұрақты жұмыс орнын ашуды көздейді. Инвестжобаны іске асыру аймағы ретінде Жамбыл облысы анықталды» деп жазылған.

Тараз.

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ МЕН ТЕХПАСПОРТТЫ АЛЫП ЖҮРҮДІҢ ҚАЖЕТІ БОЛМАЙДЫ



eGovHelpKZ –тің Telegram-арнасында жақын арада жүргізуші куәлігі мен техпаспортты алып жүрудің қажеті болмайды делінген. Мұнда ҚР Цифрлық даму министрі Асқар Жұмағалиевтың жазбасы жарияланған.

«Өріптесім Ерлан Тұрғымбаев азаматтарға таяуда жүргізуші куәлігі мен техпаспортты өзін бірге алып жүруінің қажеті болмайтыны туралы айтты. Бұл шын мәнінде, көптен күткен шешім. Полицейлердің бұл құжаттарды талап етпей-ақ, оны ЖСН

арқылы тексеруіне техникалық мүмкіндіктері бар.

Қазір Сенатта қаралып жатқан “Цифрлық технологиялар туралы” заң жобасы қабылданғаннан кейін, eGov Mobile қосымшасындағы цифрлық құжаттар толық заңды күшке ие болып, қағаз құжатпен бірдей қолданылады. Яғни, сіз полиция қызметкеріне өз куәлігіңіздің цифрлық нұсқа-сын смартфоннан көрсете аласыз.

Әзірге мобильдік қосымшада 4 цифрлық құжат бар: жеке куәлік, баланың туу туралы куәлігі, неке қию және аты-тегін ауыстыру туралы. Біз қосымшада құжат санын көбейту үшін интеграция жүргізуді ұсындық.

Мобильдік қосымшада цифрлық нұсқалардың болуы азаматтарға өте ыңғайлы».

eGov.kz

Дәурен БОСЫМБАЕВ -

Республикалық «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығының директоры

Даурен Босымбаев Түркістан облысы, Төлеби ауданында орналасқан республикалық “Балдәурен - Шымкент” оқу-сауықтыру орталығының директоры қызметіне кірісті.

Дәурен Босымбаев жаңа қызметке дейін Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы әкімінің орынбасары лауазымында қызмет атқарған.



Бұл аптада кімдер туылған?

27.05.1960 ж.
Әбдімүтәліп Көбеев
Э.ғ.к.

27.05.1961 ж.
Абдурашид Омаров
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «Феррум-Фтор» ЖШС-нің президенті

28.05.1975 ж.
Нұрғұл Нүрекенова
Оңтүстік Қазақстан индустриалды-инновациялық колледжінің директоры

29.05.1947 ж.
Әбілқасым Досболов
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «Шымкент құс» ЖШС-нің кеңесшісі

31.05.1957 ж.
Мұқадас Нақыпбеков
Бәйдібек ауданы мәслихатының хатшысы

01.06.1959 ж.
Роза Назарбекова
«Шымкент» ӘКК ҰК» АҚ басқарма мүшесі

01.06.1970 ж.
Болатбек Нәжіметдинұлы
«Дала Транс» ЖШС, «DALA-FRUIT» және «Dala-construction» ЖШС-нің негізін қалаушы

02.06.1949 ж.
Серікжан Сейтжанов
Түркістан облысы мәслихатының депутаты, «Саутс-Ойл» ЖШС президенті,

“Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер”, Түркістан облысы және Шымкент қаласының Құрметті азаматы.

Құрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

ӘУЕЖАЙЛАР ЖЕР САЛЫҒЫНАН БОСАТЫЛАДЫ

Бұл туралы ҚР ұлттық экономика министрі Руслан Дөленов Үкімет отырысында айтты.

Азаматтық авиацияны қолдау үшін осы жылдың аяғында ұшу жағдайын қолдау үшін әуе кемелерінің қосалқы бөлшектер импорты ҚҚС-тан, ал, әуежайлар жер салығы мен оны пайдаланғаны үшін төлемдерден босатылады.

«Сонымен қатар, авиация саласындағы техникалық қызмет көрсету және басқа да қызметтер жыл соңына дейін резидент еместер үшін ҚҚС төлеуден босатылады», - деді министр.

Сондай-ақ, әлеуметтік маңызы бар маршруттардағы жолаушылар автобусы қызметін логистика мен туризмді қолдау аясында ҚҚС-тан босату қарастырылған.

«Басым туристік аймақтарда туристік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін салықтық жеңілдіктер қарастырылған. Бұл КТС бойынша жеңілдіктер, мүлік салығы және жер салығы. Сондай-ақ транзит кезінде контейнерлік пойыздарды кедендік тексеру тоқтатылады», - деді Дөленов.

Нұр-Сұлтан.

ЖАҢА ӘУЕЖАЙДА 500-ге ЖУЫҚ КӨЛІККЕ АРНАЛҒАН АВТОТҰРАҚ БОЛАДЫ

Кез-келген мегаполис миллионды қала болғандықтан тұрғындар мен қонақтарын қоса есептегенде күнделікті көлік инфра-құрылымдары арқылы мыңдаған адамдар келіп кетіп отырады. Сондықтан да, шаһардағы автовокзалдар, теміржол вокзалы және әуежай ғимараттары соншама халықтың қатынауына қолайлы болуы шарт. Шымкент қаласының бас жоспарына сәйкес салынып жатқан әуежай бүгінде халықаралық талаптардың барлығына сай бөй көтеруде. Өткен аптада Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов әуежай аумағын абаттандыруға арналған жобалардың жүзеге асырылу барысымен танысты. Жоба бойынша жалпы 5 гектар аумақты абаттандыру қарастырылған. Онда жер қазу, абаттандыру, асфальт төсеу, жарықтандыру, авто-тұрақ салу, аялдамалар салу жұмыстары жүргізіледі.

Атқарылатын әр жұмысты мұхият тыңдаған қала басшысы өзінің ұсыныстарын енгізіп, мекеме басшылығына бірқатар міндет жүктеді.

Халықаралық әуежай аумағында салынып жатқан жаңа жолаушылар терминалының аумағын абаттандыру жобасы бойынша жаңа терминал маңында 485 көлікке арналған автотұрақ салу жұмыстары басталды. Қазіргі таңда жер қазу жұмыстары жүргізілуде. Нысан басында 12 техника жұмылдырылған.

Жобаны іске асыру барысында 485 көлікке арналған автотұрақ оның ішінде 8 мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған орын, автобустарға бөлінген жол, 9 қызметтік автотұрақ, екі соңғы автобустарға тұрақ салынады. Сонымен қатар, екі ақылды аялдама, ұзақ уақыт тұрақтарға арналған 4 дана қалқа, асфальтобетонды жолдың жүру бөлігін төсеу, жаяу жүргіншілер жолдарын гранит плиткаларымен қаптау, 14277 шаршы метр жерге газон төсеу және сегіз қоқыс жәшігі

мен сегіз орындық орнатылатын болады.

Сондай-ақ, мегаполис мәрі халықаралық әуежай аумағында салынып жатқан жаңа жолаушылар терминалына баратын жол құрылысының барысын да көріп шықты.

Жалпы ұзындығы 2,287 шақырымды құрайтын жол құрылысының бүгінде жер жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мәселен, суағар каналмен қиылысқан жерінде су өткізгіш құрылысы мен темір-бетонды құбырдың құрылыс-монтаж жұмыстары және жолмен қиылысатын газ, су құбырының кабельдерін қорғау, жер астына ауыстыру жұмыстары атқарылуда.

Жолдың сапасына баса мән беруді тапсырған қала басшысы жолдың сапасын құрылыс біткен соң емес, кемшіліктерді алдын-ала анықтап, жою керектігін ескертті. Сонымен қатар, әкім жолдың көлік өтетін бөлігін қыркүйек айына дейін аяқтауды міндеттеді.

Жалпы, үшінші мегаполис саналатын Шымкент қаласының жолдарын орташа және күрделі жөндеуден өткізу жобасына биыл жалпы көлемі 27 млрд. теңгеге жуық қаржы бағытталған. Осыған сәйкес 256 нысанда құрылыс-жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланса, 240 нысандағы жұмыстар биыл толықтай аяқталып, пайдалануға тапсырылатын болады. Бұл жобалардың ішінде қаланың негізгі даңғылдарын орташа және күрделі жөндеу жұмыстарынан бастап шағын елді мекен көшелерін асфальттау сонымен бірге 7 көпір мен бір жер асты өткелінің құрылысы да бар.

Жаңа жолаушылар терминалының ауданы - 35 000 шаршы метр, өткізу қабілеті сағатына 2 000 жолаушы, телескопиялық 4 трап. Құрылыс жұмыстарын аяқтау 2020 жылдың соңына жоспарланған. Сонымен қатар, жобада 495 автокөлік сыйымдылығы бар көлік тұрағын абаттандыру жұмыстары қаралған.



Сонымен, биыл автомобиль жолдары саласында қамтылатын 256 нысанның жалпы ұзындығы 417 шақырымды құрайды. Қазіргі таңда, аталмыш жобалардың 94-де құрылыс монтаж жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Бұл туралы Шымкент қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бөлім басшысы Қайрат Баймендиев БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры барысында мәлімдеді.

Жалпы Шымкентте биыл 300 шақырымнан астам жол жөнделеді. Шымкент қаласында жол құрылысы жұмыстары карантинге байланысты тоқтап қалған жоқ. Барлық сақтық шараларын орындай отырып, құрылыс компаниялары өз жұмыстарын мерзіміне сай жүргізуде.

Шаһардағы жол сапасын дамыту мақсатында 2020 жылы 256 объектіде құрылыс-жөндеу жұмыстарына республикалық және жергілікті бюджеттен 26,9 млрд. теңге қаралды. Бұл 417,3 шақырым жол мен 7 көпір, 2

өткел, 1 оңға шығу және 1 жол өткелін қамтып отыр. Нәтижесінде жыл соңына дейін 240 нысанды, яғни, 314,7 шақырым жол мен 6 көпір, 1 жол өткелін пайдалануға беру жоспарлануда. Сондай-ақ, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша 260 аялдаманы орнатуға 536,5 млн. теңге бөлінген. Осы бағдарлама аясында 3119 адам жұмысқа орналастырылады, оның 1621-і жұмыспен қамту орталығы арқылы.

Қаладағы ең маңызды құрылыс жүріп жатқан көшелердің бірі Республика даңғылы мен Рысқұлов көшесі. Республика даңғылының жалпы ұзындығы – 5,3 шақырым, ені – 2х14м болса, нысанның жалпы сомасы – 2 394,0 млн.теңгені құрайды. Ал, Т.Рысқұлов көшесінің жалпы ұзындығы – 4,2 шақырым, ені – 2х7м. Құрылыс жұмыстары А.Байтұрсынов пен Әл-Фараби көшесі аралығында жүргізілмек.

Бұдан бөлек, Бадам өзені үстінен өтетін өткел Д.Қонаев даңғылымен жалғасады. 99 метрлік нысан мамыр айының аяғына дейін тапсырылады деп күтілуде.

Жалпы Шымкент қаласындағы автомобиль жолдарының ұзындығы 2976 шақырымды құраса, оның 56,5%-ы қанағаттанарлық жағдайда.

ЖЕКЕ ҮЙЛЕР АУМАҒЫНА ҚОҚЫС ЖӘШІКТЕРІ ҚОЙЫЛАДЫ



Тазалық, сүйіспеншілік, патриотизм – әрбір қала тұрғынына тән қасиет болуы шарт. Сонда ғана миллионды қаламызды таза қалаға айналдырамыз. Әрине, әлеуметтік проблемалардың шешімі қала халқының саны артуына байланысты бола беретіні заңдылық. Соның өзінде ол түйіткілдік түйіні де біртіндеп шешіледі. Ал, тазалықты сақтау қай кезде болмасын, қай жерде болмасын бірінші кезекте болуы шарт. Қала билігі бұл бағытта аз жұмыс атқарып жатқан жоқ. Көп қабатты тұрғын үй аумағында жиналған қоқыс тұрақты түрде тазартылып тұратын болса, ендігі жерде жеке тұрғын үй аумақтарында да қоқыс тастайтын жаңа металл жәшіктер орнатылатын болады. Себебі, жекеменшік үйлер орналасқан шағын аудандарда бүгінде қоқыстары көше бойында жатады. Бұл өз кезегінде қала келбетіне нұқсан келтіріп антисанитариялық жағдайға әкеліп соғуда. Қатты тұрмыстық қалдықтарды көдеге жарату үшін және қоршаған ортаның экологиялық тазалығын арттыру мақсатында осы жылы 1474 контейнер сатып алынбақ. Бұл туралы қала әкімінің төрағалығымен өткен

жиында энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының м.а Нұрлан Жаманкөз мәлім етті, деп хабарлайды қала әкімінің баспасөз қызметі.

Оның айтуынша, қала аумағында қоқыс тастайтын 488 қоқыс алаңшасы, 2039 қоқыс контейнері бар. Бүгінде олардың көбінің тозығы жеткен. Сол себепті, қоқыс салатын контейнерлерді мемлекеттік-жекеменшік өріпестік аясында жаңарту көзделіп отыр екен. Жаңа қоқыс контейнерлері басқа контейнерлерге қарағанда ыңғайлы. Арнайы қақпақтары жеңіл қалдықтардың ұшып кетуінен, шашылуынан қорғайды және жағымсыз иісі шықпайды.

Қатты тұрмыстық қалдықты игеру, көдеге жарату және қайта өңдеу бағытындағы жұмыстарды кезек-кезеңімен жүзеге асыруды айтқан қала басшысы М.Әйтенов ең алдымен үй қалдықтарын сұрыптап, эко-контейнерлерге жинау қажеттігін айтты. Осы орайда, Green line компаниясының өкілі қала басшысына эко-контейнердің бір нұсқасын ұсынып, қоқысты өңдеудің өзіндік жүйесін көрсетті. Мұнан бөлек, бұл салада бірнеше жылдан бері қызмет етіп келе жатқан «ОрионНовТех» компаниясының да ұсынысын талқылады. Жиын барысында қала басшысы қоқыс жинау жүйесіне, әсіресе жер үйлердің көше бойына қалдықтарын шығарып тастайтынына көңілі толмайтынын жеткізді. Сондықтан, қоқыс жинаудың жаңа алгоритмін жасауды тапсырды. Сондай-ақ, әкім түрлі контейнерлер қойып, бизнесті мемлекеттік-жекеменшік өріпестік арқылы қайта өңдеумен айналысуға ынталандыру керектігін айтты.



БИЗНЕС ИЕЛЕРІНЕ БИЛІКТЕН ҚОЛДАУ

Шағын және орта бизнесті қолдау ішкі экономикалық күштің қозғауына тікелей себепкер. Елбасының халыққа арнаған Жолдауларында да Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІ-НІ НЕГІЗІ атты Жолдауында да елімізде кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған нақты тапсырмалар берілген. Аталмыш Жолдаудың ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ ЭКОНОМИКА бөлімінде шағын және орта бизнесті дамытудың нәтижелеріне айқын тоқталған. Мемлекет басшысы, «Шағын, әсіресе, микробизнес еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, ең алдымен, ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс береді, жұмыссыздықты азайтады. Сонымен қатар, салық базасын құрап, жергілікті бюджетті нығайтады.

Сондықтан, мемлекет алдағы уақытта да бизнеске қолдау көрсете

береді» деп баяндай келе, нақты тапсырмалар берген. Осы тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында Шымкент қаласында ағымдағы жылы жергілікті қазынадан 19,4 млрд. теңге қаржы бөлінді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есе жоғары. Бұл жөнінде қала әкімінің қатысуымен өткен брифинг барысында мәлім болды.

Аталған қаржының 4,2 млрд. теңгесі ауылшаруашылық субсидияларына және 5,2 млрд.теңгесі пайыздық мөлшерлемелерді ішінара субсидиялауға, ал, 823 млн. теңге кредиттерді ішінара кепілдендіруге бағытталып отыр. Сонымен қатар, инновациялық жобаларға грант беруге 205 млн. теңге, жеңілдетілген несие бөлуге 816 млн.теңге, кәсіпкерлік қызметті қолдауға 40 млн.теңге бөлініп отыр.

Қала аумағында індетке қарсы шаралармен қатар, әлеуметтік - экономикалық жағдай да бақылауда болғанын айтқан қала экономикалық өсімді қайта қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспарға сәйкес Шымкент қаласында дағдарысқа қарсы

іс-қимыл жоспары бекітілгенін мәлім етті.

Одан бөлек, өткен аптада қала басшысы Мұрат Әйтенов ауыл шаруашылығы саласындағы тауар өнімдерін арттыру бағытында жұмыс жүргізіп жатқан ірі агроөнеркәсіптік кешен мен құс фабрикасының жұмысымен танысты.

Ауыл шаруашылығы бағытындағы нысандарды аралау барысында қала әкімі Мемлекет басшысының «Егістіктен дүкен сөресіне дейін» ұсынысын іске асыру бойынша тауар өндірушінің өнімін делдалсыз нарыққа шығару үшін кәсіпкерге базарлар мен сауда орта-

лықтарынан сауда нүктелерін ұсынуды айтты. Сонымен қатар, дағдарыстан зардап шеккен кәсіпкерлерге жергілікті билік тарапынан тиісті қолдау көрсетілетінін атап өтті.

Ең алдымен қала басшысы Сайрам елді мекеніндегі мал бордақылау және тауарлы сүт өнімін өндірумен айналысатын «Бөйтерек Агро» АӨК-не барды. Кешеннің жалпы аумағы 300 гектар. Оның 14 гектары қоражай орналасқан. Мұнда қазір 1300 басқа арналған ірі қара мал бордақылау алаңы мен 200 бас сауынды сиыр бар. Қазірде көуап, қазы секілді 10-ға жуық ет өнімін тапсырыспен жасайды. Сондай-ақ, тәулігіне 4 тоннаға дейін сүт өндіріп, құрт, сүзбе, айран секілді сүт өнімдерін жасайды. Сапар барысында шаһар басшысы жұмыртқа және бройлер етін өндіру бағытындағы «Шымкент құс» ЖШС-нің құс фермасына барды. Қазіргі таңда 320 адам тұрақты жұмыс жасайтын фермада 600 мыңға жуық бас құс өсірілуде.

МАҚТААРАЛДЫҚ АҒАЙЫННЫҢ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІМІН ТАБУДА



(Жалғасы. Басы 1-бетте) Үкімет басшысының сапарынан бірер күн бұрын Премьер-Министрдің орынбасары Роман Скляр да Мақтаарал ауданындағы ағайынның ахуалымен танысып кеткен болатын. Сапар барысында Мырзакент кентіндегі жеке меншік тұрғын үйлердің құрылысын салуға бөлінген 70 га жер учаскесіндегі жаңа шағын ауданда жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары тексерілді.

Роман Скляр зақымдалған үйлерді, көлік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін қалпына келтіру, су басқан аумақтардан суды сору жұмыстарының қарқынын төмендетпеуді тапсырды.

Бүгінде топан су шайған Өргебас пен Фирдауси ауылдарында қабырғалары шығынаған үйлер мен қора-қопсылардың материалдарын реттеу жұмыстары басталды. Алдағы екі-үш күнде тұрғындар жаңа үйлердің іргестастарын қалауға кіріспек. Ол үшін ескі материалдардан қалып жасау жұмыстары қыза түскен.

Одан бөлек жаңа шағын ауданда белгілі меценат Болат Назарбаевтың «Салиқалы ұрпақ» қоры 20 үйдің құрылысын бастап кетті. Жуырда іргетасы қаланып, үйдің қабырғасы көтеріледі, ал, шілде айының соңында толық аяқтау көзделіп отыр. Қор атынан 100 отбасыға 100 мың теңгеден үлестіріліп, 20 оқушы Алматы облысындағы лагерьге жіберуді жоспарлап отыр.

Жалпы, Үкімет резервінен тұрғын үй салу, инженерлік-инфрақұрылымдық шығыстарды қамтамасыз ету, су құбыры желілерін қайта жаңарту және қалпына келтіру, көлік инфрақұрылымын қалпына келтіру үшін қаражат көзделген. Жаңа шағын ауданның құрылысына 32 мердігерлік ұйым тартылған, 313 үйде құрылыс жұмыстары басталды. Құрылыс алаңында 900-ге жуық құрылысшы мен 70 арнайы техника құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуде.

Жергілікті тұрғындарды қазір және болашақта әртүрлі инфекциялық аурулардан сақтандыру үшін құрылыс алаңдарда дезинфекциялық шаралар жүзеге асуда. Бұл шаралар әртүрлі инфекциялық аурулардың ел ішінде таралуын болдырмау және далалы жерде кездесетін қан сорғыш жәндіктерді жоюға бағытталған.

Одан бөлек бүгінде топан суда қалған 5 ауылдан шығарылған мал өлекселері толығымен жойылды. Сондай-ақ, жеуге жарамсыз сарқынды судағы балықтарды

Түркістан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы аулап, көзін жою жұмыстарын бастап кетті.

Сындарлы сәт еліміздегі түрлі ұлыс өкілдерінің бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешетіндігін тағы бір айғақтады. Өткен аптада Қазақстан ұйғырларының республикалық мәдени орталығының Талдықорған облыстық филиалы құны 2 млн. теңгелік жүкті жеткізді. Ал, Атырау облысынан 12 млн. теңге көлеміндегі 20 тонна балық пен гуманитарлық көмек келіп жетті.

Мақтааралда төтенше жағдай кезінде аянбай қызмет еткен бір топ ерікті өскерилер аудан әкімінің Алғыс хатына ие болды. Салтанатты жиынға аудан әкімінің орынбасары Бейсенбай Төребеков арнайы қатысып, қысылтаяң шақта жанашырлықпен елге қызмет көрсеткен азаматтарға алғысын айтты.

Мақтаарал ауданындағы су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға Ө.Усманов қорынан 5 млн 202 мың АҚШ доллары 5202 жанұяның (30 420 адам) есепшоттарына аударылады. Бүгінде бұл қаржыны 1308 отбасы алып үлгерді. Тұрғындарға бүгінгі таңда 4638 банк картасының 90 пайызы таратылды. Қалған отбасыларға қаржы алдағы уақытта аударылатын болады. Бұл туралы «Nur Otan» партиясының Түркістан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бейсен Тәжібаевпен өткен тікелей эфирде облыстық қаржы басқармасының басшысы Әбдірахман Тасыбаев мәлімдеді.

Мақтаарал ауданындағы топан судан зардап шеккен аймақтарды ретке келтіру жұмыстары көктемгі дала жұмыстарын нәтижелі жүргізу ісіне кедергі келтіріп отырған жоқ. Қазірдің өзінде мырзашөлдік шаруалар 60 мың 926 гектар егістік алқапқа түрлі дақылдар отырғызу жұмыстарын жүргізуде. Жалпы шаруалардың мол өнім алуына себеп болатын факторлардың бірі - мемлекет тарапынан берілетін жәрдем. Биылғы жылы мақтааралдық диқандар «Qoldau.kz» сайты арқылы мемлекеттік жәрдемдерді (субсидияларды) алуда. Бүгінгі таңға жеңілдетілген бағамен 20 мың тонна минералды тыңайтқыш үлестірілген. Көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін 4160 мың тоннадай жанар-жағар май бөлініп, оның 1335 тоннасы шаруаларға таратылған.

Шолушы.

Түркістан қаласы облыс орталығы атанған кезде еліміздің әр аймағы бір нысанды тарту ретінде салып беретін болған. Міне, бүгінде бірнеше облыстардың тартуы ел игілігіне беріліп те үлгерді. Ал, жуырда тарихи сәулет үлгісіндегі шығыс моншасы ашылды. Былтыр іргетасы қаланған нысан - Қызылорда облысының Түркістанға тартуы. Тарихи қаланың келбетіне көрік беретін шығыс моншасының жалпы аумағы 3000 шаршы метрден асады.

Түркістан қаласында үздіксіз жүріп жатқан көріктендіру, абаттандыру, құрылыс жұмыстары облыс басшысы Өмірзақ Шөкеевтің тікелей бақылауында. Аймақ басшысы бүгін шаһардағы Бекзат Саттарханов даңғылының бойында салынып жатқан желілік саябақтағы жұмыс барысын тексерді. Жасыл желекке оранған желілік бақта демалыс аумақтары мен салт-дәстүрімізді дәріптейтін сәулет үлгілері орнатылған.

Бүгінде рухани ордада «Парасат» саябағы да ерекше келбетімен саялы баққа айналып келеді. Қайта жаңарту жұмыстары аясында демалыс орнында жасанды көл мен көпірлер және 420 метр тасарық салынуда. Нәтижесінде, саябақ сумен қамтылып, қайта «Арыс-Түркістан» каналына жіберіледі. Ал, «Түркістан-Кентау» бағытындағы жолдың екі шетіндегі тасарықтың бір бөлігі «Парасатты» сумен қамтыса, екінші бөлігі жол бойындағы жасыл желекті суаруды қамтамасыз етеді.

Үкімет басшысы Асқар Мамин да өткен аптада келбеті ажарланып келе жатқан, құрылысы қызу Түркістан қаласының инфрақұрылымының жүргізілу барысын

СЫР ӨІРІНІҢ ТҮРКІСТАНҒА ТАРТУЫ



қадағалады.

Ал, аймақ басшысы Өмірзақ Шөкеев қаладағы қарқын алған тұрғын үй құрылысын аралап шықты. Түркістан облысының әкімі тұрғындарға қолайлы жағдай жасап, білікті құрылысшыларды тиімді жұмысқа ынталандыруды тапсырды. Дайын пәтерлердің сапасын тексеріп, жұмыс кестесінен қалыс қалған компания жетекшілерін қатаң сынға алды.

Білікті құрылысшыларға қолдау көрсету туралы облыс әкімінің бастамасын толығымен қолдаған жауапты сала басшылары айқындалған тапсырмаларды тиімді жүзеге асыруды межелеп отыр. Қазіргі уақытта Түркістан

қаласында 24 тұрғын үй құрылыс нысандары салынып жатыр. Жоспар бойынша баспаналар жыл соңына дейін түркістандықтарға тапсырылады.

Шаһардың әкімшілік-іскерлік орталық аумағында 7 қабатты 14 тұрғын үй мен 12 қабатты 29 тұрғын үйдің, Батыс Қытай-Батыс Еуропа тас жолының бойында 7 қабатты 10 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде.

Облыс басшысы қала орталығындағы желілік саябақтың аяқталуға жақын тұрған көгалдандыру жұмыстарын бақылап, аспан астында орналасқан бассейнде болды. Ерекше жоба маусым айында ашылады.



ТҮРКІСТАНДА ЕКІ ОТБАСЫНА ТАБИҒИ ГАЗДЫ ТЕГІН ҚОСЫП БЕРДІ

Түркістан облысында соңғы жылдары қайырымдылық жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Бұл игілікті істер халықтың әлеуметтік жағдайларын жақсарту мақсатында жүзеге асуда. Жуырда тағы бір жақсылық орын алды. Түркістан қаласы, Отырар мөлтек ауданында көп балалы ана мен тұрмысы төмен екі отбасыға көмек ретінде көгілдір отын толығымен тегін өткізілді. Игі істі Қасиетті Рамазан айында облыстық энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасы мен «КазТрансГаз» АҚ-ы жүзеге асырды. Ортақ газ құбыры үйлеріне келіп тұрса да, қаржы қолбайлау болған олар бірер уақыттан бері газға қосыла алмай келген.

Жалпы, шаһардың экологиялық ахуалын жақсарту мақсатында облыс, қала әкімдіктері газ таратушы мекемелерімен бірлесіп тұрғындарға табиғи газ жүйесіне қосылу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Оған

қоса, қатты отын пайдаланатын барлық моншалар, әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандарды газдандыру көзделіп отыр. Бұл бағытта да түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде әлеуметтік және кәсіпкерлік 9 нысан табиғи газға ауыстырылған.

Облыс орталығын газдандыру мәселесі Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің тікелей бақылауында. Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, жыл соңына дейін Түркістан қаласын 100 пайыз газбен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Бұл жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бүгінде қала тұрғындарының 41% табиғи газбен қамтылған.

Жалпы тұрғындардың әлеуметтік жағдайын арттыру мақсатында өңірде көптеген жұмыстар атқарылуда. Инфрақұрылым мәселелері шешімін тауып, медицина, білім салаларындағы түйткілдердің түйіні шешімін табуда.

Бетті дайындаған: Салтанат ТОЙБОЛОВА.

МЫРЗАШӨЛ АЙМАҒЫНЫҢ 130 ШАҚЫРЫМ ЖОЛЫ ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ

Жол - қос елді мекенді, ауыл-аймақтарды, қаларалық байланысты және халықаралық байланыстыратын маңызды нысан. Ал, халқы тығыз шоғырланған, сондай-ақ, шекаралас аймақтағы Түркістан өңірі үшін жолдардың маңызы ерекше. Сондықтан да, облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің тапсырмасы аясында Жетісай, Мақтаарал аудандарындағы жолдарды жөндеу жұмыстары қарқынды жүруде. Аудан әкімдіктері тарапынан жөндеуден өтіп жатқан аудандық маңызы бар жолдар мен елді мекен көшелерін қоспағанда жалпы ұзындығы 70 шақырым республикалық, 59,4 шақырым облыстық маңызы бар жолдар күрделі және орташа жөндеуден өтуде.

Оның ішінде, Жетісай ауданында 11,5 шақырымды құрайтын облыстық маңызы бар КХ-117 «Сырабат-Үтіртөбе-Көктөбе» бағытындағы автомобиль жолы күрделі жөндеуден өтіп, жыл соңында толық пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, ағымдағы жылы мамыр айының екінші жартысында ұзындығы 19,9 шақырымдық облыстық маңызы бар КХ-86 «Жетісай-Мақталы» бағытындағы автомобиль жолына орташа жөндеу жұмыстары басталатын болады. Нысанның жөндеу жұмыстары 2021 жылға өтпелі.

Қазіргі таңда, Мақтаарал ауданы аумағында ұзындығы 16,4 шақырымдық облыстық маңызы бар КХ-78 «Атакент-Кеңесшіл-Есентаев» пен 6,9 шақырымды құрайтын облыстық маңызы бар КХ-164 «Үлгілі-Таубай ата» автомобиль жолдары орташа жөндеуден өтуде. Одан бөлек, ағымдағы жылдың шілде айынан бастап облыстық маңызы бар КХ-80 «Ынтылы-Фирдоуси» автомобиль жолының 4,7 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары басталады. Жыл соңына дейін «Үлгілі-Таубай ата» және «Ынтылы-Фирдоуси» автомобиль жолдарында жұмыстар толық аяқталып, пайдалануға беріледі.

31 МАМЫР - САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАҢДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Бүгінгі таңда 1937-1938 жылдары құғын-сүргін көрген, жазықсыз жапа шеккен абзал азаматтарымызды еске алу, олардың елі үшін еткен еңбектерін елеусіз қалдырмау бағытындағы игі істер жалғасын тауып келеді.

Аталмыш мақаламызға арқау болып отырған мәселе, халқымыздың ардақты азаматтарымыздың бірі, республика шегіндегі халық ағарту, мәдениет пен әдебиет саласының өркендеуіне өзіндік үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, сыншы-көсемсөзші, ақын, аудармашы-ғалым Сейілбек Үсенов пен Әшірбек Үсеновтің қайраткерлік болмысы, әдеби шығармашылық мұрасы жайында болмақ. Ағайынды Үсеновтер 1925 жылдың шілдесінде Ташкенттен Шымкентке көшіп келген «Ақ жол» газетінің редакциясында алғашқылардың бірі болып қызмет атқарғанын айта кетугіміз керек.

Бізге мәлім болған деректерге сәйкес, ағайынды Үсеновтердің өмірі мен қайраткерлік қызметіне тереңірек тоқталу үшін әуелгі әңгімемізді Сейілбек Үсеновтің өзінен бастасақ дейміз.

Бүгінгі таңда 90 жылдық мерейтойын атап өткен «Оңтүстік Қазақстан» газетінің алғашқы шығарушы-редакторларының бірі осы Сейілбек Үсенов болатын. 2009 жылы жарық көрген аға басылымның 85 жылдығына орай шығарылған көркем-иллюстрациялық қосымша журналда С.Үсеновтың «Ленин жолы»

жұмыстарын жүргізеді. Аталмыш оқу орнын 1925 жылы 16 студент бітіргендігі жөнінде куәлік алған болса, солардың қатарында: Сейілбек Үсенов, Құрманбек Жандарбеков, Әуелбек Қоңыратбаев т.б. болған. Кейін олар еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде белсенділік көрсетіп, танымал болады. Осы кезден бастап, Сейілбек қазақ жастарының ішінен шыққан білімді маман ретінде көзге түсіп, жауапты қызметтер атқарады.

1925 жылы күзде 20 жасар С.Үсенов Шымкент қаласындағы Қазақ педагогикалық техникумында оқытушы, оқу бөлімінің меңгерушісі, 1926 жылдан жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Шымкенттегі қазіргі Қ.Сыпатаев атындағы жеті жылдық мектептің басшысы болады. Сол кезде өзі оқытқан шәкірттеріне білім беріп қана қоймай, өмірді тануға да ықпал еткен. Олардың арасынан елімізге танымал тұлғалар, халқымыздың мақтанышы бола білген Бауыржан Момышұлы, Әбділда Тәжібаев, Қажым Жұмалиев т.б. шыққаны белгілі. Осы орайда Сейілбек Үсеновтің шәкірті болған халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы оның өзі оқыған Қ.Сыпатаев атындағы мектепте тарих, қоғамтану пәндерінен білім беріп, тарихтың терең тағылымынан сыр тартып, қазақы таным-түсінікке ыңғайлап түсіндіріп отырғандығын айтады. Сонымен бірге, ұстазы Сейілбек Үсеновті Бауыржан Момышұлы «Менің алғашқы ұстазым»,

редакторының орынбасары, 1934 жылдың сәуір айынан 1936 жылдың тамыз айына дейін «Қарағанды пролетарияты» газетінде редактор, ал 1936-1937 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінің редакторы қызметін атқарған.

Б.Момышұлы бұл жөнінде: «Академик Мұхаметжан Қаратаевтың Илияс



Сейілбек Үсенов, 1931 жыл.

керек. Өйткені, С.Үсеновтің қоғамдық-әлеуметтік қызметі зерттелуі былай тұрсын, қаламгерлік қарымы түгелдей назарымыздан тыс қалып келеді. Оның объективті де субъективті себептері бар екенін айтуға болады. Біріншіден, оның көркем шығарма жазғандығы соңғы жылдары ғана белгілі болып отыр. Екіншіден, С.Үсеновтың қаламгерлік қабілеті әлеуметтік қызметінің тасасында қалды. Өйтсе де С.Үсеновтің қоғам және мемлекет қайраткері ретіндегі тұлғасын одан әрі жан-жақты көрсету үшін оның осы саладағы қызметімен қатар, әдеби-шығармашылық мұрасын да түбегейлі зерттеу, қала берді, ұлт тарихындағы алатын орнын нақты әрі дәл белгілеу мейлінше маңызды.

Әдебиетіміздегі сын жанрының ақтаңгері М.Қаратаев 1987 жылы шыққан «Қазақ совет әдебиеті» оқулығында «Сынға әр кезде, әр дәрежеде Орынбек Беков, Әмина Мәметова, Сейілбек Үсенов, Ш.Орынбаев, Әбділда Тәжібаев т.б. қатынасып отырғандығын келтіреді. Бұдан Сейілбек Үсеновтің әдеби сынға белсене араласып, едәуір еңбек атқарғандығын көруге болады. Мәселен, Сейілбек Үсенов өзінің 1929 жылы «Жаңа әдебиет» журналында жарық көрген «Сұлушашқа сын» еңбегінде әдебиетіміздің көрнекті қаламгері Сәбит Мұқановтың көдімгі «Сұлушаш» поэма-сына жазылған. Өлеңмен жазылған бұл романның әуелі 1928 жылы 5000 данамен шыққандығын айта келіп, сонан соң мазмұнын бірнеше бөлімге бөле отырып, шығарманың пішініне сыни көзқарасын білдіреді. Жазылар шығармаға қойылатын шарттардың бірқатарын автор былайша көрсетеді: «Шығарманың мінсіз болуы, оның жалғыз сыртқы пішімінің әдемі, яки мазмұнының әдемі болуымен ғана бітпейді. Екеуі де керек. Бір бірінсіз жадағай. Өйтсе де

мазмұн пішінінен кейіндеп

ҚЫЗЫЛ ҚЫРҒЫННЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН -

Ағайындылар

газетін 1926-1929 жылдар аралығында басқарғандығы айтылады. Біздің қолымыздағы Шымкент өңірлік мемлекеттік мұрағатынан алынған деректерге қарай отырып, оның бұл қызметке небәрі 21 жасында келгендігін байқаймыз.

Сейілбек Үсенов 1905 жылы Сырдария облысының Шымкент уезі, Сарыкөл болысында, қазіргі Қатын көпір елді мекенінде қарапайым ауыл мұғалімінің отбасында дүниеге келген. Бес жасқа жетпей өкесінен айырылған оны тағдыр ерте қатайтып, ерте есейтті. Өз қолымен жазылған өмірбаянына үңілсек, онда былай делінген: «Әкеден айырылған соң, анам мен ағамның қамқорлығында болдым. Күн көруіміздің негізі болған 0,5-ға жер телімі. Ол жерге мақта егіп, жан сақтайтынбыз. Сонымен бірге байға жалданып, әр түрлі жұмыстар атқардық. Осылайша мүмкіншілік алатынбыз». Жастайынан білімге ұмтылған ол, 1917 жылы Шымкенттегі бірінші сатылы мектепке оқуға барады. Оны аяқтаған соң, мұғалімдер дайындайтын үш айлық курста оқуын жалғастырады. Бұл өте қиын жылдар болатын: Кеңес өкіметінің орнауы, азамат соғысы, 20-шы жылдардың басындағы ашаршылық. Дегенмен, оқуын одан әрі жалғастыру мақсатында 1920 жылы педагогикалық техникумға түсіп, ол жерде 1923 жылға дейін білім алады. Ол кезеңде мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орнын ашпай, халыққа білім беру мәселесін дұрыс жолға қою мүмкін емес екендігі белгілі болатын. Осылайша 1920 жылы Ташкентте мұғалімдер институты ашылып, кейіннен 1925 жылдан бастап, Қазақ педагогикалық институты ретінде жұмыс жүргізе бастады және де «жоғары педагогикалық оқу орны» деп есептелінді. Міне, осы оқу орнында білім ала жүріп, С.Үсенов қоғамдық-саяси жұмысқа белсене қатысады. Қалалық кітапханаларда отырып, саяси әдебиеттермен танысады, студенттік үйірмелерге мүше болады. «Кедейшіл жас» жастар басылымына редактор бола отырып, қазақ студенттерінің арасында үгіт-насихат

- дей отырып, «ол кезде мектепті басқаратын кісіні директор демей, меңгеруші дейтін. Біздің меңгерушіміз партия мүшесі Сейілбек Үсенов деген кісі...» деп еске ала отырып, «...ол кісінің жасы 25-30-дардағы орта бойлы, реңді, сабырлы кісі болатын» дейді.

1928 жылдан 1929 жылғы ақпан айына дейін Сейілбек Үсенов Сырдария округінің халық-ағарту бөлімінде нұсқаушы болады. Ол қандай қызмет атқармасын, ел-жұртының ықыласына бөленді. Искерлік, ұйымдастырушылық қабілетінің молдығы нәтижесінде сол кездегі идеологиялық жұмыста да жақсы қырынан көріне білген, 1929 жылы ақпан айынан бастап Бостандық ауданына партия комитетінің хатшысы қызметіне жоғарылатылады. Ол жылдары Бостандық ауданы Сырдария округінің шалғай жатқан ауданының бірі, үш республиканың - Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстанның түйіскен тұсында орналасқан еді. Ауданның ұлттық құрамы да әр түрлі болатын. Қиыншылығы көп, күрмеуі қысқа бұл ауданда көтеріліс болып, Сейілбек аға қиын-қыстау кезеңге тап болады және сол сынан сүрінбей өтеді. Ол кезде Сейілбек Үсенов бар-жоғы 24 жаста еді. Сол жылдың қараша айында Шымкентке қайта шақырылып, Сырдария округінің «Ленин жолы» газетінің редакторы қызметін атқарады. Ал 1930 жылдың көктемінен Сырдария округтік комитетінің мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі болады. Сол жылдары ол осы аймақтың мәдени-ағарту мәселелері бойынша коллегия мәжілістеріне төрағалық ете отырып, көптеген өзекті мәселелердің дұрыс шешілуіне, жергілікті халықтың мұң-мұқтажына назар аударған. Бұл жөнінде мұрағат деректері көп сақталған. Сол жылдың мамыр айынан С.Үсенов округтік комитетінің бірінші хатшысы қызметін уақытша атқарады. 1931-1932 жылдары Мойынқұм ауданында бірінші хатшы, 1932-1934 жылдары Алматыда «Социалды Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан» - С.Ә.) газетінің бас



Солдан оңға қарай: Әшірбек (інісі), Фарид (қызы), Сейілбек, ұлы -Сәлім, жоғарыда - Гүлдана (жұбайы), Дүрдана (балдызы), 1936 жыл.

туралы естелігінен Сөкеңнің (С.Үсенов) Солтүстік Қазақстан облыстық газетінің редакторы болғанын оқыдым. Бұл өзі қызық дерек. Қалайынша редактор, ол жағынан хабарым жоқ», - дейді. Жас та болса зерек, ұйымдастырушылық қабілеті мол С.Үсенов, партия қайда жұмса да қызметін адал атқарған. Сонымен бірге, ол қоғамдық істердің басы-қасында жүріп, қаламгерлік қызметпен де үлгі-өнеге көрсеткені белгілі. Оның жазушылық қызметін қайраткерлік қызметінен, қалам сапасын қайраткерлік сапасынан бөліп алып қарауға болмайды. Бұл қасиет 1928-1938 жылдардағы ұлт зиялыларының көпшілігінде болған. Сондықтан да С.Үсенов сынды тұлғаның әдеби-шығармашылық мұрасын арнайы зерттеу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін міндетіне айналуы

қалуы кемістік делінеді. Екі жағынан да қисыны келген шығарма болса қәне!», - дей келіп, «Сұлушаш» романында пішін кемістігінің толып жатқандығымен бірге шығарманың көзге ұрып тұрған басты сегіз қателігін атап көрсетеді. Олар: романның өн бойында өлеңнің ұйқасын таппайтын тұстарының көп ұшырайтындығы, өлең ағынының келмейтін жерлерінің көп болуы, өлең өлшеуінде шалағайлықтың молынан кездесуі, тілдің орынды қолданылмауы, шумақтардың әр түрлі формада жасалуы, тілге кедергі, пейзажға көбірек орын берілуі, тіл қуатының олқы соғуы, ең бастысы, романда шынайылықтан гөрі қолдан жасалған жасандылық пен тұнып тұрған олақтықтың көп болуы.

Сейдехан ӘЛІБЕК,
Т.ғ. д., М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың профессоры.

(Жалғасы бар)

Ұстаз атты ұлы есімді иеленген жандардың ұрпақ тәрбиесіндегі еселі еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Тұлғалық даму, даралану жолында кездескен мұғалімдердің ұлықты ісі – қашан да өнеге болып қала бермек. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың рухани жаңғыруды дәріптеу, өсте қадірлеу - ұлтымызда өркен жайған әдебиет пен мәдениеттің түп тамырын қалыптастыруда тағы да ұстаз алдында бас ию мақсат, һәм міндет.

Қазақтан шыққан тұңғыш дипломат Төлеген Тәжібаевтың есімін иеленген Шымкент қаласындағы №47 мектеп-гимназиясы 30 жылдық тарихында талай шәкіртті алтын ұядан ұшырып, болашаққа қанаттандырды. Сол кезеңде мектеп табалдырығын жас маман болып аттаған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мафруза Әділбекова бүгінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан білікті мұғалім, аяулы ана, ардақты жан. Сонау 2000-шы жылдардан бастап Мафруза Үсенқызы оқытқан шәкірттер ортасынан топ жарып, қалалық, облыстық, республикалық пән олимпиадаларынан, ғылыми жұмыстардан жүлделі орындарды иемденіп жүрді. Жергілікті баспасөз беттерінде жас маман туралы сол кезеңде-ақ, алғашқы мақтаулы мақалалар жазыла бастады. Жан жүрегі жақсылыққа құмар, адамгершіліктің асыл қасиетін ұлттық руханияттан алатын ұлағатты ұстаздың ғұмыр

МАМАНДЫҒЫН МІНДЕТІМЕН ҰШТАСТЫРҒАН ҰСТАЗ

жолындағы жетістіктері тек биіктерге жетеледі.

Педагог – шәкірт жанының бағбаны, өз ісінің берілген ұстасы. Оның еңбегі шөлге құдық қазғанмен тең деп жатады. Адамның жасы қанша жыл өмір сүруімен емес, бойындағы абзал қасиеттерімен, парасат-пайымымен, жан дүниесінің жарқылымен, табиғат берген қуат-жігерімен таразыланса керек. Ішкі дүниесі мен сыртқы келбеті жарастық тапқан жанның бүгінгі заман талабына сәйкес балаларды оқыту методикасы оқушы жанын нұрландырады. Мафруза Үсенқызы тәрбиеленген талай шәкірт Қазақстанның түкпір-түкпірінде.

Ұстаз мәртебесі – философиялық, психологиялық, тарихи, әлеуметтік астары бар қадірлі ұғым және қоғам жауапкершілігін анықтайтын өлшем. Педагог тұғыры – қоғам мен мемлекет тұғыры. Ал, үнемі



ізденіс үстінде жүрегін Мафруза Әділбекова мұғалім мен шәкірт қарым-қатынасының білім беруден өзге рухани үндестік арқылы байланыс орнатудың биік екендігін БАҚ беттерінде де жазып жүр. Түрлі тақырыптарда қалам тербеп, бүгін мен болашақтың маңызды тұстарын түртіп келеді. Сондықтан да, шығар мектеп қабырғасында ұжым алдында беделді, оқушылары алдында сый-

құрметке ие. Мұғалімнің әрбір сөзін заң деп білу, оны мойындау – күнделікті сабақты ұғынудан да жоғары. Қазақ руханиятының шоқтығы биік мәртебесін ұлықтауда, тәрбиелі тағлымды ұмытпауда – әдебиеттің орны қандай жоғары болса, ұстаздың оқушысы алдындағы сыйын жоғалтпауы да сондай маңызды. Дана бабаларымыз балаға білімнен бұрын тәрбие берілуі керек екенін мұнан мың жыл бұрын айтып кеткен. Отбасы тәлімі мен елдік тәрбие – білім жүйесінің әрі өзегі, әрі айнасы. Қазақстанның отаншыл ұл-қызын оқытудың мақсаты мен мазмұны жылдан-жылға айқындалып келеді.

Ал, Мафруза Үсенқызының бұл міндетте бағы мен бабы қатар шапқан. Бүгінгі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты, өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыратын, рухани дамыған, рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани – адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты шығармашыл тұлға.

Әбу Насыр әл-Фараби сөзімен айтар болсақ, «мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жеткен» бөсекеге қабілетті, жаңашыл, жасампаз маман.

Салтанат ТОЙБОЛОВА.

РЕКОРДЫҚ КӨРСЕТКІШ: ҰБТ-ға ТҮЛЕКТЕРДІҢ 82% ҚАТЫСПАҚШЫ

2020 жылы ҰБТ-ға қатысуға ниет білдірген азаматтардың саны 130 мыңнан астам адамды құрайды, оның ішінде 20 454 – колледж және өткен оқу жылдарының мектеп түлектері. Халық көп шоғырланған жерлерге баруды болдырмау мақсатында Ұлттық бірыңғай тестілеуге өтініштерді қабылдау 2020 жылдың 15 сәуірі мен 10 мамыр аралығында онлайн және дәстүрлі түрде өткізілді.

ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының директоры Дидар Смағұлов өтініш берудің жаңа форматы ҰБТ тапсыруға ниет білдірушілердің санын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік бергенін атап өтті.

«82% - рекорд орнаттық! Биылғы ҰБТ-ға қатысуға ниет білдірген мектеп бітірушілердің көрсеткіші осындай. Жыл сайынғы 70%-дық көрсеткіштен асып түстік. Онлайн форматтың артықшылықтары көп, ең бастысы, мектеп түлектеріне толықтай еркіндік беріп отыр. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін мектеп әкімшілігі тарапынан білім деңгейі төмен оқушылардың тестілеуді тапсыру мүмкіндігін шектеу фактілері орын алған. Енді бұл мәселеге шешіліп, мектеп түлектеріне толықтай еркіндік беріліп отыр», – деді Д. Смағұлов.

Қазақстан Республикасының азаматы болып табыл-

майтын ұлты қазақ және шетелдегі оқу орнын бітірген адамдар үшін ҰБТ-2020 құжаттарды қабылдау 2020 жылдың 15 мамырына дейін ұзартылды.

ҰБТ нәтижелері тестілеу өткізілген күні беріледі, сонымен қатар, Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында жарияланады.

Тестілеуге кіргізу барысында тыйым салынған затпен анықталған тұлға тестілеуге жіберілмейді және осы жылы ҰБТ тапсыру мүмкіндігінен айрылады.

Айта кеткен жөн, ҰБТ аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін бейнебақылау жазбалары талданып, оқуға түсушінің тыйым салынған заттарды пайдаланғаны анықталған жағдайда, оның ҰБТ және білім беру грантын тағайындау конкурсының нәтижелері жойылады.

БЖҒМ.

ҚазҰУ – БІЛІМ ШЫҢЫ, КӨШБАСШЫЛАР МЕКЕНІ

Талай түлектің арманына айналған ҚазҰУ-да оқу мүмкіндігі бұйырды. Аллаға шүкір. Шынында да, арман боларлықтай атына заты сай әсем қалашық менің жүрегімді бірден жаулап алды. Бүгінгі күні Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті - әрбір мектеп бітіруші жас түлекке таныс, және де әрбір табылатын білім ордасы.

Бұл университеттің осындай атаққа ие болуына өзінің себептері бар. ҚазҰУ Қазақстан ЖОО-ры арасында ғылыми-технологиялық және инновациялық мүмкіншіліктер жағынан қарасақ теңдесі жоқ көшбасшы болып табылады. Студенттер сарайында өнерлі студенттерге арналған студенттер клубы жұмыс атқарады.

Ал, қаржы мамандығын таңдаған себебім, ең алдымен бұл – үлкен лауазымды орында орналасудағы жеке тілегім. Қаржыгер мамандығына деген сұраныс жоғары. Кез келген мекеме қаржы ресурстарын тиянақты әрі дұрыс басқара алатын маманға қызығушылық танытады. Бұл мамандық иесі елдегі экономикалық жағдайды түсуі, заңнаманы білуі, ақпараттарға талдау жасай алуы керек.

Жоғары оқу орнын аяқтаған соң, басында жұмысқа орналасумен байланысты қиындықтарға қарамастан, бұл мамандықты өз мақсатына ұмтылатын табанды адамдар үшін перспективті мамандық деп ойлаймын.

Қазіргі жаһандану заманында білім мен ғылым қашан да ең бірінші орында. Мемлекетіміздің жан-жақты дамуының кілті – білімде. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Уни-

верситеті – әлем елдері мойындаған, көшбасшы, сапалы білімнің қайнар көзі, білікті де білімді мамандарды дайындайтын білім ордасы.

Ерекше мәртебесі бар ҚазҰУ - Қазақстанның жетекші классикалық университеті, кәсіби білім мен ғылымды инновациялық дамытудың ұлттық көшбасшысы, еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы бірінші Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының иегері. ҚазҰУ Thomson Reuters халықаралық агенттігі «Ғылым саласындағы көрнекті жетістіктер үшін» арнайы дипломымен марапатталған алғашқы және жалғыз қазақстандық университет.

Қалай десем де, ҚазҰУ-мен мақтанамын, тіпті халыққа танымал болып жүрген азаматтарды біздің түлегіміз деп естігенде, көңілім көтеріліп, бір марқайып қалатыным бар. Мен сол тұлғалардың отырған аудиториясында отырып, сол кісілерге сабақ берген ұстаздардан тәлім алып жүргенім маған жігер береді.

Мағжан Жұмабаев айтқандай: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, Мен жастарға сенемін!», — демекші арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты жастардың отаны – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті!

Осындай сан мүмкіндіктерге толы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің студенті атану – асқақ арман, үлкен бақыт, зор мәртебе. ҚазҰУ-дан түлеп ұшқан әрбір түлек бүгінде университетіміздің берген білімін ақтап отыр. Білімділерді біріктіріп отырған білім ордасы ерқашан ЖОО-ның көшбасшысы болуына лайық!

Нұрсұлтан НӘБИ,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика және Бизнес Жоғары мектебі Қаржы мамандығының ІІ курс магистранты, Бағлан АЛИЕВА, э.ғ.к., доцент.

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ САПАЛЫ БАСЫЛЫМДАРДА

ЖАРИЯЛАНУЫ ТИІС

«Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрыққа өзгерістер енгізу бойынша ҚР БҒМ-нің бұйрығы тіркелді, деп хабарлайды ҚР Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі.

Қазіргі уақытта бұл тізімге негізінен формалды өлшемдер бойынша іріктеп алынған 177 басылым кіреді.

Сондықтан қолданыстағы критерийлерді халықаралық талаптарға бейімдеу бойынша жұмыс басталды.

Мәселен, 2 рет сырттай рецензиялау, нақты редакциялау саясаты, жарияланым мазмұны мен басылымдардың бағыттық сәйкестігі, шетелдік мамандардың рецензиялары, өзгенің жазбасын пайдалануды тексеру, барлық жарияланым шарасының

ашықтығы, мықты редакция алқасы, жарияланымдарды жіберу және рецензиялаудың онлайн жүйесі, әдеп пен академиялық адалдық бойынша талаптар және т.с.с.

«Көрсетілген тізбеге кіретін отандық басылымдарға осы талаптар біртіндеп қойылатын болады. Нәтижесінде басылымдардың саны емес, сапасына мән беріледі, сапалы контент үшін бәсекелестік артады және халықаралық деңгейдегі ғылыми басылымдарды шығарудың кәсіби академиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді деп ойлаймын.

Сондай-ақ, отандық журналдарды Scopus және Web of Science халықаралық базасына енгізу үшін, ғылыми журналдарға қаржылай қолдау көрсетіп, демеу беру мақсатымен конкурс жариялауды жоспарлап отырмыз», – дейді ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.



ТАС ТҮСКЕН ЖЕРІНЕ АУЫР...

Сол күні жеңіл автокөлік пен автобус жүргізушілері, ары-бері өтіп жатқан жолаушылар ығы-жығы адам мен неше түрлі маркалы көліктер жиналған, қақпасы кең ашылған еңселі үй жаққа қарағыштап өтіп жатты... Өйткені, көбісі бұл үйде облысқа ғана емес, республика мен ТМД елдеріне танымал тұлға, қаланы ауызсумен жабдықтаушы мекеменің іскер басшысы ретінде, ұйымдастырушылық қабілеті зор, мемлекеттік қызметте де ерекшеленген азамат Анарбек Орманұлы тұратынын білетіндіктен – алаңдаулы...

Рамазан айының оразасы мен карантин кезінде күндіз мұнда той болып жатпағаны айдан-анық... «Не болып қалды екен?» – деген күдік сөйілмей тұрғанда, қазалы хабар келіп жетті! Отбасында орны толмас оқиға - Анарбек Орманның қылшылдаған қырық бес жастағы перзенті, сүйікті ұлы, ізбасары Мұрат Анарбекұлының мезгілсіз өмірден озғаны өзекті өртеді... Өке салған даңғыл жолмен жүріп, халықтың ілтипатына ие болған Мұраттың алға қойған мақсаттары, асыл армандары бар еді! Сұм ажал алды-артына қаратпай алып кетті...

Сонғы жылдары Мұрат Анарбекұлы «Су ресурстары Маркетинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде еңбек етіп, тәжірибе жинақтап, іскерлігімен танылып жүрген азамат еді. Асқар таудай әкесі Анарбек Орманның үмітін ақтап, кәсіпорынның дамуына сүбелі үлес қоса жүріп, халық қалаулысы болды. «Су ресурстары Маркетинг» ЖШС-де бас-



шылық қызмет атқарып, «Өмір нәрінің» мегаполис тұрғындарына уақтылы әрі үздіксіз жеткізіліп тұруы үшін маңдай терін төккен бірден-бір азамат еді.

Амал қанша... Айтуға оңай болғанымен тас түскен жеріне ауыр...

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын дей отырып, «Айғақ» республикалық басылым мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы қаладағы ауызсудың сапасын жақсартып, халыққа қызмет көрсетудің озық үлгісін көрсете жүріп, мемлекеттік қызметте де абыройлы қызмет атқарған Анарбек Орманға, туған-туыс, бауырларына, отбасына, «Су ресурстары Маркетинг» ЖШС-і ұжымына Мұрат Анарбек ұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖУРНАЛИСТ ЕДІ ЕРЕКШЕ...

Бейсен Құранбек Ө л - Ф а р а б и атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің түлегі. Еңбек жолын республикалық «Спорт» газетінде бастап, тілшіліктен жауапты хатшылыққа көтерілген Бейсен Құранбек

өзінің қаламы қарымды журналист екенін танытып үлгерді. Содан кейін «Рахат», «31 арна», «Хабар» телеарналарында ізденгіштігімен танылды. Президент телерадиокешеніне қызметке ауысуына да бойындағы тележүргізушілікке деген сүйіспеншілігі мұрындық болды.

2007-2012 жылдары аралығында Алматы облыстық «Жетісу» телеарнасының бас директоры болды. Бейсен Құранбектің шығармашылығы 2013-2017 жылдар аралығында «Қазақстан» телеарнасындағы «Айтуға оңай» әлеуметтік-тұмыстық ток-шоуының

жүргізушісі болып көрермен көзайымына айналған жылдары шыңдала түсті. Осы аралықта Алматы облыстық «Жетісу» телеарнасының бас директоры қызметіне қайта тағайындалып, басшылық қызмет атқарды. 2017 жылдың қыркүйегінен «Қаракет» бағдарламасын жүргізді. Бағдарламаларды жүргізу барысында өзінің ізденгіштік қасиетімен бірге, тілге шешен, алғырлығымен, бағдарлама үстінде тапқырлық танытып, қилы-қилы тағдырлардың басын тоғыстырып, қажетті жерде ұтымды ой тастап, көрермендерді тәтті етіп жүр еді...Журналист еді ерекше!

«Айғақ» республикалық газет пен «Айғақ» телеарнасының ұжымы белгілі журналист, дарынды тұлға Бейсен Құранбектің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, ағайын-туыстарына, бауырларына, дос-жарандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, Қазақстан Журналистер академиясының академигі, «Айғақ» телеарнасының бас директоры Дулат Әбіш Алматы облыстық «Жетісу» телеарнасының бас директоры, белгілі журналист **Бейсен ҚҰРАНБЕКТИ** қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Иә, кеше бар адам, бүгін жоқ... Бұл- маңдайға жазылған тағдыр... Бірақ, жақының болмаса да жарқын жүзімен, кішпайыл мінезімен, ұшқыр қаламы мен «көгілдір экранда» мағыналы да мәнді хабарларымен, ұшқыр қиялымен, көрермендерді баурап алатын қасиетімен, ең бастысы- журналистке тән біліктілігімен ерекшеленген, тақырыпты дамыта алатын шеберлігімен, көпшілік алдында өзін өз үйінде отырғандай еркін сезінетін өріптесіміз, ұлттық арнадағы «Қаракет» бағдарламасының жүргізушісі Бейсен Абайұлы Құранбектен айырылып қаламыз-ау деп ойламапшы... Ауыр дертке шалдыққанын білсе де өзін іздеп алаңдаған көрермендермен экран арқылы жүздесіп, шын жүректен алғысын айтып, жарқырап отырғаны, қиындықты жеңетіні, оған күш-қайратын сарқа жұмсайтыны жайлы айтқанда, көңілді бір демдеп қалған едік... Өттең-ай, өттең... Елу жасқа бір гана қадам қалғанда қайтпас сапарға аттанып кете барды... «Жазмыштан озмыш жоқ» деген. Көнбеске болмайды. Бұл-өмір... Бейсен Құранбектің топырағы торқа, жаны жаннатта болсын! Өмір жолы журналистикамен тығыз байланыста болған

РУХЫА ӘРҚАШАН БАСЫМЫЗДЫ ИЕМІЗ!

ӘКЕ... Осы бір сөздің аумағында қаншама мән-мағына бер десеңізші! Жарқылдап жүргеніміз, қуанып күлгеніміз, өсіп-өнгеніміз Сіздің арқаңызда екенін қалай ұмытамыз? Ізбасарыңыз ұлыңыз бен қызғалдақтай қыздарыңызға деген қамқорлығыңызды тілмен айтып жеткізу мүмкін емес, әке! Бес перзентіңіз үшін ешнәрсе аямадыңыз, жүзіңізден нұр төгіліп, мейірлене еркелеткенде, жанымыз жадырап қалушы еді. Балалары десе ішер асын жерге қоятын ақ-пейіл жан едіңіз. Кішіпейілділігіңіз сонша Сізді біз ғана емес, ауыл-аймақ құрмет тұтушы еді. Бұл-қамқорлығыңызды аямай, үнемі көмек қо-лығыңызды созып жүретініңіздің нәтижесі. Ауыл-дастарға деген құрметіңіздің шегі жоқ болатын. Бүгінде Абай ауылының тұрғындары өзіңізді мұңая еске алады.

Жеке кәсіпкер ретінде балалар үйіне 1 миллион қаржы аударғанда, жәутендеген балалар мен бірге басшылық пен тәрбиешілер де қуанғанын ел біледі. Әкімшіліктегілердің Сіздің жомарт жүрегіңізді өзгелерге де үлгі етіп айтқанын естігенде, төбеміз көкке бір елі ғана жетпей қалатын. Ауылдағы бір көшеге атамыз Бейсеннің атын берілді. Бұған да Сіз мұрындық болдыңыз, әке! Анамыздың жанына қаяу түсірмей, үнемі жігерлендіріп отырдыңыз. Сыйластықтарыңызға сырт көз қызыға қарайтын, анамызды құрметтегеніңізді көргендер риза болушы еді ғой! Ақкөңіл, жайдары мінезіңізбен көпшілік ортасында сыйлы азамат атандыңыз. Өзіңізден ақыл-кеңес сұраған жастардың тәлімгер ұстазы едіңіз...

Асқар тауымыз өке, Сізден ойламаған жерден айырылып қаламыз-ау деп ойлаған жоқпыз... Сұм ажал ортамыздан суырып өкеткенде, не істерімізді білмей қатты қиналды... Ішіміз уудай ашып, жанарымыз жасқа толып отырғанда, сүйкімді немерелеріңіз өзіңізді іздегенде не айтамыз деп қиналамыз... Сегіз немерелеріңізге деген сүйіспеншілігіңіздің шегі жоқ еді, еркелеп мойныңызға асылғанда, сырттай қарап тұрып қуанатынбыз.

Келес ауданы Абай ауылын көркейтуде де үлес қостыңыз, мелиорация саласын дамыттыңыз. Еңбекке деген құлшынысыңыз балаларыңызға серпін беретін. Қашан көрсек те, жанарыңыз нұрланып тұрушы еді, сол бір жанарыңыздың жарқылын сағұндық, әке! Өлі күнге дейін о дүниелік болғаныңызға сене алар емеспіз! Сүретіңізге қарап отырып, өне-міне келіп қалар деп елеңдейміз...Үйге көңіл айтып келгендерді көргенде,

еріксіз егілеміз! Біз ғана емес, маңдайынан сүйіп жүріп өсірген перзенттеріңіздің ата-енесі-құдаларыңыз да өзіңізді құрметтеп, төрден орын ұсынатын. Жетісай қаласында тұратын құдаңыз Беласар Досымов осыдан сегіз жыл бұрын 50 жасқа толған мерейлі тойыңызға арнап, шумақтарды сыйға тартқанда қуанып, қайта-қайта оқитынбыз... Онда Сізді дәріптейтін тамаша сөздер жазылған-ды. Осы жазбаны анамыз Нұржамал Серғазықызы сары майдай сақтап қойған. Онда құдаға деген сый-құрметтің жібек жібі есіліп тұрғандықтан, оқырман таныссын деген үмітпен бір-екі шумақты еске түсіріп отырмыз.

«Нұреке, Нұржамалмен келгін жүзге, сыйластықты сый етсін Алла бізге! Ұлың Нұрман еліне тұлға болып, түсе берсін ұлылар салған ізге!» –деген шумақтар көкейдегіні дөп басып тұр...

Иә, әке, Сіз мықты едіңіз. Отбасының берекесі, перзенттеріңіздің арқа сүйейтін алып тұлғасы болатынсыз! Елу жылдығыңызға арналған өлеңде: «Нұреке, міне келдің 50 жасқа, Шанышқылы елінде орның басқа, елу жасты еңсердің енді құда, Жете бер Жамбыл ата жеткен жасқа» деген шумақ бар. Амал қанша, небәрі 58-ге енді келген едіңіз... Бізден алыстап кеттіңіз, бірақ Сізді ұмытпаймыз! Әрқашан: «Жарқын бейнең ұмытылмас ешқашан, Оған күе, шуақты күн мен Көкте Ай»-деп тебірене еске аламыз. Өйткені, біз үшін Сіз тірісіз! Рухыңызға әрқашан басымызды иеміз, әке! Бағышталған құран тар қабіріңізді кеңейтсін! Тозақ отынан сақтап, Алла алдыңыздан жарылқасын!

Еске алушылар:
Нұржан Нұрлыбаевтың
зайыбы, ұл-қыздары.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 463-бабына сәйкес, тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру мақсатында атқарылатын жұмыстар маңыздылығымен ерекшеленеді. Әкімшілік құқық бұзушылыққа жол берілмеу үшін Кодексте көрсетілгендерді мықтап ескерген абзал. Бұл үшін БАҚ арқылы негізгі ережелер жайлы түсініктеме ұйымдастыру, талдамалы жұмыстарға көңіл бөлініп, әкімшілік құқық бұ-

зушылыққа жол бермеу керек. Заң бойынша бұзушылыққа жол берілген жағдайда, айғақты заттар тәркіленеді. Ал, тәркілеу жұмыстары жасалынбаса, онда лауазымды адамдарға, коммерциялық емес ұйымдарға шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне -қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу, жеке тұлғаларға он бес айлық есептік мөлшерде айыппұл салынады. Сонымен қатар, лицензиясыз

кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысып, әкімшілік құқық бұзушылыққа жол берілсе, онда алынған кірісті дивидендтер, бағалы қағаздар қосымша тәркіленеді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде бұзушылық қайталанатын болса, айыппұл көлемі көбейе түседі. Нақты іспен айналысып, түсіндірме жұмыстарына көңіл бөлу-Шым-

кент қаласының мамандандырылған әкімшілік соты ұжымы үшін кезек күттірмес міндет. Мәселен, өткен жылы Қазақстан Республикасының ӘҚБт Кодексінің 463-ші бабы бойынша әкімшілік 118 іс қаралып, оның төртеуі қысқартылған еді.

Сөйтіп, 114 –ке іске айыппұл салынған. Ал, 2020 жылдың өткен айларында 59 іс қаралып, оның 8-і қысқартылған. 51 іске айыппұл салынды. Мәселен, «Б» деген азамат мемле-

кеттік кірістер органдарына тіркелместен, 2020 жылғы 31 наурызда бөтелкелерге құйылған 5 литрлік 30 дана, 1 литрлік 70 дана, сонымен қатар тағы да 100 миллиграмдық 100 дана антисептік өнімдерді жедел сатып алу саудасы арқылы жалпы бағасы 510 000 теңгеге келісіп, сатқаны анықталды. Айғақты заттар мемлекет пайдасына тәркіленді.

Серік НИЯЗБЕК,
Шымкент қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы.

АЙҒАҚ
MEDIA

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор
Сейсенбай АХМЕТ - журналист
РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, Ғ. Ляев көшесі, 29.
E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Сандуғаш ӘБДІҒАППАРҚЫЗЫ - Жарнама
Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 **Факс:** 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 747 123 45 89

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:
Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,

«Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Шымкент қаласы, Ғ. Ляев көшесі, 29.

Жазылу
индексі

65836

16+

Талпырыс:
№79

Нөмірдің кезекші редакторы - Сандуғаш Әбдіғәппарқызы

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданады. «Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Жарамсыз деп танылсын!

*** «Асыл әлем» қоғамдық бірлестігінің (БИН-110240012538) Жарғысы, қоғам мүшелерінің тізімі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** ГKKП №18 «Бәйтерек» балалар бақшасының Жарғысы, Стат картасы, БИНН жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Петухов Павел Олеговичтің атына 25.07.2003 жылы Б.Момышұлы атындағы Шымкент Құқықтық колледжі берген ОАБ 0268937 сериялы дипломның жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Даянова Равиль Гамилевич атына ҚР берген мекенжай

туралы құжатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Чистяков Андрей Михайлович атына ҚР берген мекенжай туралы құжатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 12.02.1994 жылы туылған Исламитдинов Рауан Акбердиұлына ДШ №03311 Шымкент қаласы, Полиция департаментінен берілген қызметтік куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Утерян АБ-лицо без гражданства на Мурадова Алижана Иманжановича.

Көркіне КӨЗ ТОЙМАЙТЫН САЙРАМ ШЫҢЫ



Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Батыс Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік – шығыс бөлігін қамтиды және Өгем, Қаржантау, Боралдай, сонымен қатар, Талас Ала-тауының солтүстік батыс бөктерін алып жатыр. Ұлттық парктің террито-

риясынан Өгем, Сайрамсу, Қасқасу, Біркөлік, Машат, Даубаба және Көкбулақ өзендері ағып өтеді. Ұлттық парктің Төлеби филиалы Сайрамсу шатқалындағы Сайрам шыңы Түркістан облысы бойынша ең биік шың, оның биіктігі теңіз деңгейінен 4 238 м. Табиғаты

өсем, жаратқанның жарылқап бере салған бір құт мекені. Сайрам шыңы қойны-қонышы, шипалы су, таза ауа, берекесі бойында тұрған құнарлы жерде орналасқан. Сайрам су «Қазық қақсаң – терек болып шығатын» бау-бақшалы жердің нақ өзі. Жер жәннаты – Сайрамсуға нәр беріп, әр беріп, көркейтіп, көктетіп тұрған, осы Сайрам шыңы.

Жылма-жыл осы Сайрам шыңында Альпинизм федерациясының ұйымдастыруымен Халықаралық «Сайрам» альпиниадасы өтеді. Ис-шараға Ресей, Беларусь, Қырғызстан елдерінен келген альпинистермен қатар Ақтөбе, Қарағанды облыстарының, Байқоңыр қаласының үздік альпинистері және Төлеби ауданының жас турситер станциясының мүшелері қатысады. Әр жылы әр түрлі биіктіктегі шыңдарды альпинистер бағындырады.

Жандос ЕРЕЖЕП,
Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі экологиялық ағарту және туризм бөлімінің бас маманы.

О ликвидации

*** ТОО «Казах Ломбард» объявляет о своей ликвидации. БИН 130640022946. Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования объявления по адресу: город Шымкент, Енбекшинский район, улица Рыскулова, дом 28, почтовый индекс 160023.

Определение

Каратауским районным судом города Шымкента возбуждено гражданское дело по заявлению Павловой Ольги Владимировны, об объявлении гражданина Богданова Александра Алексеевича, 15.07.1987 года рождения безвестно отсутствующим. Всем кто имеет сведения о месте пребывания гражданина Богданова Александра Алексеевича, 15.07.1987 года рождения, просим сообщить об этом в трехмесячный срок со дня публикации в Каратауский районный суд города Шымкента, по адресу: город Шымкент, ул. Токаева, 17.

Открылось наследство

*** Умерла Исабекова Шайғаным. Дата смерти 08.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Назарбекова Ж.А. г. Шымкент, ул. Калдаякова, 9. Тел.: 8 701-454-74-46, 8 /7252/56-33-59

*** Умер Дикарев Виталий Михайлович. Дата смерти 26.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Танбергенова Р.А. г. Шымкент, мкр. Нурсат, 39. Тел.: 8 705-354-34-88, 8 778-246-18-35

*** Умерла Кенжалиева Бакытжамал Исламбековна. Дата смерти 08.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Абенова Г.А. г. Шымкент, мкр. Нурсат, 24, 1. Тел.: 8 702-995-12-44

*** Умер Усипбаев Абдирах. Дата смерти 06.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманова Г.А. г. Шымкент, 3-мкр., 3В. Тел.: 8 701-729-25-41

*** Умерла Поварова Светлана Олеговна. Дата смерти 26.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

*** Умер Серов Николай Петрович. Дата смерти 12.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тунгушбаев Р.К. г. Шымкент, ул. Калдаякова, 20. Тел.: 8 701-954-27-48

*** Умерла Боранбаева Муштай. Дата смерти 23.04.1995 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сейткалиева А.У. г. Шымкент, ул. Мангелдына, 36, 3. Тел.: 8 771-569-55-70

*** Умер Марамов Дураим. Дата смерти 21.09.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тойчи А.Р. г. Шымкент, ул. Джангельдина, 13. Тел.: 8 705-758-88-08

*** Умерла Укасова Умсулжан Хайржанкызы. Дата смерти 14.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Пернебаев Б.Т. Туркестанская область, Төлебийский район, г. Ленгер, 172. Тел.: 8 775-897-28-65

*** Умер Тертышников Митрофан Сергеевич. Дата смерти 12.01.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманова Г.А. г. Шымкент, 3-мкр., 3В. Тел.: 8 701-729-25-41

*** Умер Баталов Геннадий Григорьевич. Дата смерти 11.10.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к

нотариусу Мырзакул Р.С. г. Шымкент, ул. Алдиярова, 95. Тел.: 8 702-721-90-98

*** Умер Шопанов Жарылқасын Абилахимович. Дата смерти 30.08.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Жандарбекова Н.Ж. г. Шымкент, ул. Дулати, 205/3. Тел.: 8 705-410-09-24

*** Умер Куйжуманов Фарход Назырович. Дата смерти 23.11.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сулеймен С.У. г. Шымкент, мкр. Отырар, 59-26. Тел.: 8 /7252/52-24-21, 8 778-402-83-83

*** Умер Досыбек Нұрсұлтан Дінмухамедұлы. Дата смерти 13.11.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сейткалиева А.У. г. Шымкент, ул. Мангелдына, 36, 3. Тел.: 8 771-569-55-70

*** Умерла Хлебникова Анна Гавриловна. Дата смерти 09.06.2007 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

*** Умер Хлебников Анатолий Александрович. Дата смерти 26.02.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

*** Умер Абдухалимов Айхожа Абдужаппарович. Дата смерти 08.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сулеймен С.У. г. Шымкент, мкр. Отырар, 59-26. Тел.: 8 /7252/52-24-21, 8 778-402-83-83

*** Умер Мусалиев Дүйсенали Пралиұлы. Дата смерти 08.11.1995 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Есенбаева Г.Р. г. Шымкент, ул. Туркестанская 2/3, ост. Сейфуллина. Тел.: 8 701-780-63-44

*** Умер Салибеков Байдаулет Амирханұлы. Дата смерти 09.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ережепова Л.А. г. Шымкент, пр. Республики, 35. Тел.: 8 /7252/56-48-46

*** Умерла Мелькова Надежда Васильевна. Дата смерти 20.11.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сулеймен С.У. г. Шымкент, мкр. Отырар, 59-26. Тел.: 8 /7252/52-24-21, 8 778-402-83-83

*** Умерла Тусынкулова Сагат. Дата смерти 07.11.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сабырбайқызы Б. г. Шымкент, пр. Тауке хана, 45. Тел.: 8 778-963-90-84

*** Умер Спатаев Исмаил Куканович.

Дата смерти 01.01.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 701-741-27-45

*** Умерла Абдукадирова Сулув Дилдабековна. Дата смерти 29.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Алиева Н. г. Шымкент, ул. Адырбекова, 165-17. Тел.: 8 701-633-50-99, 8 776-328-63-59

*** Умерла Уралова Кундызай Акжоловна. Дата смерти 21.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Аширкулов С.Б. г. Шымкент, мкр. Нурсат, Каратауский ЦОН. Тел.: 8 702-552-71-77, 8 705-471-66-77

*** Умер Белоцерковский Андрей Валерьевич. Дата смерти 16.01.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кастаева Э.А. г. Шымкент, ул. Ильева 23-3. Тел.: 8 701-721-43-85, 8 /7252/30-14-65

*** Умерла Алсеитова Унсиной Сексеновна. Дата смерти 31.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

*** Умер Каримов Адылжан Халматович. Дата смерти 12.02.2016 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тойчи А.Р. г. Шымкент, ул. Джангельдина, 13. Тел.: 8 705-758-88-08

*** Умер Умурзаков Нурали Ералиевич. Дата смерти 12.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кальменов Д.Т. г. Шымкент, мкр. 16, 42. Тел.: 8 707-228-08-55, 8 778-556-58-87

*** Умер Култаев Кулмахан Сейтимбекович. Дата смерти 26.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Аширкулов С.Б. г. Шымкент, мкр. Нурсат, Каратауский ЦОН. Тел.: 8 702-552-71-77, 8 705-471-66-77

*** Умер Алибаев Ермек Елтаевич. Дата смерти 06.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сулеймен С.У. г. Шымкент, мкр. Отырар, 59-26. Тел.: 8 /7252/52-24-21, 8 778-402-83-83

*** Умерла Бабенко Ирина Вячеславовна. Дата смерти 04.01.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

*** Умер Султанбеков Егемкул Бурханбе-

кович. Дата смерти 14.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Аширкулов С.Б. г. Шымкент, мкр. Нурсат, Каратауский ЦОН. Тел.: 8 702-552-71-77, 8 705-471-66-77

*** Умерла Оспанова Гулсара Джалангеревна. Дата смерти 10.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

*** Умерла Акчулакова Шолпан Санжаровна. Дата смерти 16.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ургешбаева Р.О. г. Шымкент, ул. Желтоқсан, 12А. Тел.: 8 702-253-49-23

*** Умерла Кравченко Светлана Валентиновна. Дата смерти 02.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Каттабекова Ж.А. г. Шымкент, ул. Уалиханова, 219-41. Тел.: 8 778-976-41-13, 8 /7252/ 57-53-51

*** Умер Пак Леонис. Дата смерти 14.09.2018 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Рахметова Г.Р. г. Шымкент, ул. Ильева, 15-26. Тел.: 8 747-525-58-28

*** Умерла Фисюкова Валентина Андреевна. Дата смерти 01.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кемелова А.С. г. Шымкент, ул. Ильева, 17А. Тел.: 8 /7252/ 21-34-09, 8 701-716-27-81

*** Умер Рахманов Серикбай Танибергенович. Дата смерти 14.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сейткалиева А.У. г. Шымкент, ул. Мангелдына, 36, 3. Тел.: 8 771-569-55-70, 8 707-769-55-70

*** Умер Жиенкулов Нурали Аманович. Дата смерти 01.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

*** Умер Мусаев Темирхан Нурбекович. Дата смерти 02.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Боранбекова С.С. г. Шымкент, Тамерлановское шоссе, 43Б/1. Тел.: 8 775-969-40-66

*** Умер Байдуанов Болатбек Куралұлы. Дата смерти 05.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мамыталиев Б.Д. Тюлькүбасский район, село Т.Рыскулова, ул. Жантуров 21/1. Тел.: 8 /725-38/51-771

